

БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



Бүгінгі білім – ертеңгі жарқын болашақтың кепілі. Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеп, дұрыс көзқарас қалыптастыруда, білікті маман даярлап шығаруда кәсіптік техникалық білімнің орны ерекше.

Оқу орны 1963 жылдың 7 тамызында Батыс Қазақстан өлкелік кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының № 87 бұйрығымен № 196 Ойыл ауылшаруашылығын механикаландыру училищесі ретінде құрылып, 1963 жылдың 27 қыркүйегінде сабақ басталды. Училище ашылған кезде бір жылдық, екі жылдық мерзімді шопан-механизатор, механикаландырылған мал фермаларының механизаторы даярланды. 1973 жылы Қазақ ССР

Министрлер Кеңесінің төрағасы Б. Әшімовтің 1973 жылдың 22 мамырындағы № 317-Р өкімімен орта білім және мамандық беретін үш жылдық мерзімді оқу орнына айналып, «№ 196 Ойыл ауылдық орта кәсіптік-техникалық училищесі» деп аталды.

Қазақ ССР Мемлекеттік кәсіптік-техникалық білім беру Комитетінің 1984 жылдың 13 тамызындағы № 220 және Ақтөбе облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының 1984 жылдың

31 тамызындағы № 194-К бұйрықтары негізінде нөмірі өзгертіліп, «№ 22 Ойыл орта кәсіптік-техникалық училищесі» болып аталды.

Ақтөбе облысы әкімінің 1995 жылдың 19 сәуіріндегі № 63 қаулысы мен Ақтөбе облыстық білім басқармасының 1995 жылғы 23 ақпан №1-1 алқа мәжілісінің шешімімен «№2 Ойыл жоғары кәсіптік училищесі» деген атау берілді, төрт жылдық экономист-менеджер, фермер-бухгалтер мамандықтары ашылды.

1996 жылдың 26 желтоқсанында Ақтөбе облысының әкімі А.Е. Мусиннің № 422 шешімімен «№ 2 Ойыл кәсіптік-техникалық лицей» мәртебесіне ие болды.

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 22 сәуірдегі № 152 қаулысы негізінде өзгертілген «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге сәйкес, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2008 жылдың 11 маусымындағы № 116 бұйрығымен мемлекеттік мекеме «№ 2 Ойыл кәсіптік лицейі» деп аталды.

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 5 маусымдағы 188 қаулысымен «№ 2 Ойыл кәсіптік лицейі» мемлекеттік мекемесі «Ойыл аграрлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына өзгертіліп, қайта құрылды.

Басты міндетіміз – жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру.

Ойыл аграрлық колледжінің оқытушылары жас ұрпақтың өз ісінің шебері болып, білімді де білікті, мәдениетті, парасатты азамат болуы үшін бар күш-жігерін жұмсап келеді.

Колледжімізде «есептеуіш техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету», «ветеринария», «ауылшаруашылықты механикаландыру», «есеп және аудит», «дене

тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі» мамандықтары бойынша мамандар даярланады.

2014 жылы оқу-өндірістік ветеринарлық кешені 40 млн теңге жұмсалып, күрделі жөндеуден өтсе, 2015 жылы шеберхана 26 млн теңгеге жаңартылды. Алдағы уақытта өз күшімізбен спорт алаңын, саябақ жасауды жоспарлап отырмыз.

Колледжде 25 оқытушы, 5 өндірістік оқыту шебері қызмет етеді.

24 оқытушы – жоғары, бесеуі – орта, біреуі – арнаулы білімді. Жоғары санатты – 6, бірінші санатты – 6, екінші санатты – 5, санатсыз – 8 білім беруші бар. Әр цикл бойынша 4 топ жетекшісі, 1 бірлестік жұмыс істейді. Осы оқу жылы екі оқытушы аттестациядан өтті. 14 жас маманымыз бар. Оқытушыларымыз кәсіби біліктілігін жетілдірді, халықаралық, республикалық, облыстық семинар, конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Білікті мамандарымыз іс-тәжірибелерімен бөлісіп отырады: А. Қуанышева халықаралық деңгейде өз жұмыстарын сайтқа жарияласа, Ж. Тұмышева, А. Дусипова,

М. Берғалиева, Н. Жұмабековалардың жұмыстары республикалық жинаққа енгізілді. Облыстық деңгейде дене тәрбиесі пәні оқытушылары – С. Займолдин, С. Курманкулова электронды орта шығарды, Ж. Тұмышева, Д. Сарсенова, Ш. Изматова А. Шилманова, А. Қуанышева, Ш. Суликанова, Э. Сембі, А. Амантаевтардың жұмыстары жинаққа енгізілді.

Халықаралық деңгейде өткен байқауда А. Қуанышева («Педагогикалық ізденіс») I орынға ие болды, «Сократ» халықаралық ғылыми жұмыстар сайысында дипломмен марапатталды, республикалық «Менің үздік презентациялық сабағым» байқауында I орын алып, облыстық «Инновация-2015» байқауында гранпри жеңіп алды.

Халықаралық «Инфоурок» жобасында Ж. Тұмышева, А. Дусипова, А. Қуанышевтар алғыс хаттармен марапатталды.

Облыстық «Үздік куратор-2015» байқауында С. Курманкулова алғыс хат иесі атанды, оқытушылар арасында өткізілген XVIII спартакиадада шаңғы спорты бойынша А. Ертілеуов, С. Курманкуловтар III орынға ие болды.



Сонымен қатар оқытушылар 36 халықаралық, республикалық, облыстық семинарға қатысып, сертификат алды.

Оқытушылардың, жас мамандардың білімін жетілдіруде «Әдістемелік үш күндік», «Педагогтің АКТ құзыреттілігін арттыру», Кембридж бағдарламасы негізінде «Бір-бірімізден үйрену – бірлесе үйрену», «Студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыруда тіл сабақтарында инновациялық технологияны пайдалану» тақырыбында колледжішілік семинарлар ұйымдастырылды.

5 оқытушы біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өтті.

Студенттеріміз түрлі деңгейдегі жоба-байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Халықаралық деңгейде 3 студентіміз (Ә. Ғазиз, Ә. Серікұлы, Ұ. Сабытай) II-III орындарға ие болса, республикалық деңгейде 7 студент I және III орын иеленді, облыстық деңгейде 10 студентіміз марапатталды, халықаралық пәндік олимпиадadan 6 студент жүлделі орындарға ие болды.

Студенттерді салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында 7 спорт үйірмесі тегін жұмыс істейді. 2 спорт зал, спорт алаңы бар. Соның нәтижесінде түрлі деңгейде 80 жүлделі орынға ие болдық.

Жыл бойына түрлі тәрбиелік шаралар, тәрбие сағаттары өткізіліп,

тәрбиенің кешенді 12 бағыты қамтылды. Ата-аналармен кездесу, кездесулер, конференциялар, дебаттар, акциялар ұйымдастырылып тұрады. «Мейірімді іс» акциясы ұйымдастырылып, ауданымызда тұратын мүмкіндігі шектеулі 4 адамға көмек көрсетілді, аудан жастары мен колледж студенттері арасында «Тендерлік теңдік» тақырыбында дебаттық турнир, «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты акция ұйымдастырылды.

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық ІІБ-мен бірлесе отырып, жұмыстар жүргізілді. «Жасөспірім», «Түнгі қала» т.б. профилактикалық шаралар, ұсақ құқықбұзушылыққа жол бермеу мақсатында «Мүлдем төзбеушілік» тақырыбында апталық, «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа сіздің көзқарасыңыз», «Жасөспірім тәрбиесіне ата-аналардың жауапкершілігі» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізіліп тұрады. Аудандық аурухана қызметкерлерінен, аудан әкімдігінен, ІІБ-нен, Жастар ресурстық орталығынан, Ішкі саясаттан мамандар шақырылып, кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Біз терроризмге қарсымыз» акциясы, «Өмір – ең басты құндылық», «Дін қоғам ролінде», облыстық «Ақсар» ақпараттық-талдау орталығының теологі Әлібек Саражиддинұлының

қатысуымен «Діни төзімділік пен ұлтаралық сенімді сақтау» атты кездесу өткізілді.

Төтенше жағдай мекемесі және ІІБ-мен бірлесе отырып, террористік әрекет болған жағдайда қорғануға арналған оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді.

2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» атты Ойыл аудандық «НұрОтан» партиясы басшының бірінші орынбасарымен кездесу, «Сыбайлас жемқорлық – індет, күресу – міндет» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.

Тәрбие жұмыстарының тұрақты жүргізілуін үнемі назарда ұстаймыз.

Осы оқу жылында директорымыз С.Г. Займолдин ТКББ мамандарын даярлауға қосқан үлесі мен кәсіптік оқытуды ұйымдастыруда, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда белсенділігі үшін Ақтөбе облысы әкімдігінен алғыс хат, «Білім берудің инновациялық стратегиясы – мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның тұрақты даму факторы» үшін Облыстық білім басқармасынан 120 000 теңге сыйақы алды, О.Ж. Тұрғамбеков Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағына ие болды.

Болашақ жарқын болуы үшін жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – басты міндетіміз.

Ш. ИЗМАТОВА

Ойыл аграрлық колледжі директорының тәрбие бойынша орынбасары. Ақтөбе облысы

АННОТАЦИЯ ○

Заместитель директора Уильского аграрного колледжа Ш. Изматова рассказывает об истории и сегодняшнем дне успешно работающего профессионально-технического учебного заведения, поставляющего региону остро необходимые молодые кадры – сельских механизаторов, ветеринаров, счетных работников, специалистов по вычислительной технике, физкультуре и спорту.

